

«15» наурыз жыл №5  
Грант беру жөніндегі  
Келісімшарттың  
№ 8 Қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске  
асыру қорытындылары бойынша қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Кадиров Рыскали Олжабаевич
3. Заңды мекен-жайы, байланыс телефоны: 8 771 588 93 93
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыт): **Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2023 жылы наурызынан басталалып 2024 жылы қарашада аяқталады.
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 34 300 000 тг

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1 міндет. Этностар тығыз қоныстанған жерлерде, еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында, татулықтан тұрақтылыққа өтудің алғышарттарын қалыптастыру**

**1 іс-шара Жергілікті атқарушы органдар және «Қоғамдық келісім» КММ-мен бірлескен іс-шара жоспарын бекіту.**

2024 жылғы іс-шаралар жоспарына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар және «Қоғамдық келісім» КММ-мен бірлескен іс-шара жоспарын бекіту іс-шарасы бойынша, 2024 жылғы 29 ақпан күні Жамбыл облысы, Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімімен бірлескен іс-шара жоспары бекітілді, 2024 жылғы 19 сәуір күні Жамбыл облысы, Қордай ауданының ішкі саясат бөлімімен бірлескен іс-шара жоспары бекітілді. 2024 жылы 27 қыркүйекте Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-сі мен іс-шаралар жоспары бекітілді. 2024 жылы 11 қыркүйекте Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасымен іс-шаралар жоспары бекітілді, 2024 жылы 9 қазанда Алматы облысының «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ-сі мен іс-шаралар жоспары бекітілді.

**2 іс-шара Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос өкілдерімен кездесу, пікір алмасу, ұйымдастыру.**

**Жамбыл облысы** бойынша Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос

өкілдерімен кездесу, пікір алмасу, ұйымдастыру бойынша, Жамбыл облысының 5 елді-мекенінде (Жамбыл ауд. Гродикова, Қызылқайнар ауылдық округтері, Қордай ауданы Сарыбұлақ, Қайнар, Степной ауылдық округтері) іс-шара өткізілді

Бұл ретте, Жамбыл обл. әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім басшысы Ш.Бақытбек тақырып аясында лекция мен пікір алмасу өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Қызылқайнар ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-25 жас арасында - 21 адам, Гродикова ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 26-40 жас арасында - 21 адамды құрады, Сарыбұлақ ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 35 адам, Қайнар ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 36 адам, Степной ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 32 адамды құрады.

Жамбыл облысы бойынша іс-шараға барлығы 145 этнос өкілдері қатысты.

**Түркістан облысы** бойынша Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос өкілдерімен кездесу, пікір алмасу, ұйымдастыру бойынша, Түркістан облысының 5 елді-мекенінде (Мақтарал ауд. Мырзакент ауылдық округі, Жетісай ауд. Жаңаауыл, Жылысу ауылдық округтері мен Сарыағаш, Келес аудандарында) іс-шара өткізілді

Бұл ретте, Жамбыл обл. әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім басшысы Бимаханбет Бибіжар Ержанқызының тақырып аясында лекция мен пікір алмасу өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Мырзакент ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 27 адам, Жаңаауыл ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 18 адам, Жылысу ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 22, Сарыағаш ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 21, Келес ауылдық округі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 27 адамды құрады.

Түркістан облысы бойынша іс-шараға барлығы 115 этнос өкілдері қатысты

**Шымкент қаласы** бойынша Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос өкілдерімен кездесу, пікір алмасу, ұйымдастыру бойынша, Шымкент қаласының 5 ауданында (Тұран, Қаратау, Абай, Әл-Фараби, Еңбекші аудандарында) іс-шара өткізілді

Бұл ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім басшысы Бимаханбет Бибіжар Ержанқызы мен Шынар Бақытбекқызы тақырып аясында лекция мен пікір алмасу өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші М.Әуезов атындағы №96 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 60 адам, «Қазақстан» медицина колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 23 адам, М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 40 адам, Көпсалалы аграрлық колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 60, «Мирас» университеті бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 39 адамды құрады.

Шымкент қаласы бойынша іс-шараға барлығы 222 этнос өкілдері қатысты.

**Алматы облысы** бойынша Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос өкілдерімен кездесу, пікір алмасу, ұйымдастыру бойынша, Алматы облысының 5 елді-мекенінде (Іле ауданының Өтеген батыр, Боралдай, Байкент ауылдық округтері мен Талғар ауданы, Қонаев қаласы ) іс-шара өткізілді.

Бұл ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім әдіскері Бимаханбет Бибіжар Ержанқызы мен Бохшиева Айгүл Жанатбекқызы тақырып аясында лекция мен пікір алмасу өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы №7 орта мектеп бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 40 адам, Іле ауданы «Прогресс» политехникалық колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 50 адам, Қонаев қаласы «Q multidisciplinary college Қонаев» колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 26 адам, Талғар ауданы №17 жалпы білім беретін жалпы мектеп бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 32, Іле ауданы, Боралдай ауылдық округі №17 мектеп бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 65 адамды құрады.

Алматы облысы бойынша іс-шараға барлығы 213 этнос өкілдері қатысты.

**Алматы қаласы** бойынша Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос өкілдерімен кездесу, пікір алмасу, ұйымдастыру бойынша, Алматы қаласының 5 ауданында (Бостандық, Алатау, Әуезов, Наурыбай, Алмалы аудандарында) іс-шара өткізілді.

Бұл ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім әдіскері Бохшиева Айгүл Жанатбекқызы тақырып аясында лекция мен пікір алмасу өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Алматы қаласы «Қайырымды қала» қоғамдық қоры қызметкерлері бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 49 адам, Алматы технологиялық қаржы және инновациялық-техникалық колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 49 адам, «Принтмедиа» технологиялар колледжі бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 47 адам, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 25, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры бойынша этнос өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында – 25 адамды құрады.

Алматы қаласы бойынша іс-шараға барлығы 195 этнос өкілдері қатысты.

**Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларында барлығы 25 іс-шара өтіп, 890 этнос өкілдері қатысты.**

**Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 95,3 % көрсетті.**

**Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында 5 өңірде өткізілген 25 іс-шараның 125 фотосы және 25 бейнежазбасы жасалды.**

**3 іс-шара. Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Қазақ ертегілері апталығын» өткізу.**

2024 жылы 24 сәуірде Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде **«Қазақ ертегілері апталығын»** өткізу бойынша Жамбыл облысының Масанчи ауылдық округінде (Әл-Фараби атындағы орта мектебі мен Ж.Аймауытов атындағы орта мектебінде 2 қойылым) іс-шара өтті. Бұл ретте, «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін орталығының «Драма» студиясының оқушылары «Ақ лақ» қойылымын қойды.

2024 жылы 10 қыркүйегінде Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде **«Қазақ ертегілері апталығын»** өткізу бойынша Түркістан облысының Түлкібас ауданы, Майтөбе, Тастұмсық ауылдық

округтерінде (М.Лермонтов атындағы орта мектебі мен Ю.Гагарин атындағы орта мектебінде 2 қойылым) іс-шара өтті. Бұл ретте, «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін орталығының «Драма» студиясының оқушылары «Ақ лақ» қойылымын қойды.

2024 жылғы 3 қазанда Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Қазақ ертегілері апталығы» аясында Шымкент қаласы, Ю.Сарема атындағы №107 мектеп лицейінің акт залында М.Х.Дулата атындағы Тараз университетінің «Мәдениет және өнер» кафедрасы студенттерімен «Құлыншақ пен бөлтірік» етегісінің қойылымы қойылды.

2024 жылғы 13 қарашада Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Қазақ ертегілері апталығы» аясында Алматы облысы, Іле ауданы, №24 лицей акт залында Ұзынағаш ауылындағы өнер мектебінің «Жарық» театр тобының «Алматы қаласының аламсы» ертегісінің қойылымын қойды.

2024 жылы 26 қарашада Алматы қаласы, Алматы білім басқармасының №49 жалпы білім беретін мектебінің акт залында Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Қазақ ертегілері апталығы» аясында Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасының Ақтау қаласының облыстық қуыршақ театрының «Үйшік» ертегісі қойылымы қойылды.

Өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші өзге ұлт өкілдерінен тұратын 500 астам оқушы апталыққа қатысты.

**Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 94,4% көрсетті.**

**Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында 7 қойылымның 48 фотосы және 8 бейнежазбасы жасалды.**

**4 іс-шара. Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Мен жастарға сенемін» тақырыбында ақын өлеңдерін оқудан байқау ұйымдастыру.**

2024 жылғы 23 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының «Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу» жобасы аясында «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мен жастарға сенемін» атты ақын өлеңдерін оқу байқауы өтті.

Байқауға Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы Шымкент қалаларынан 10 адамнан 16-40 жас аралығындағы этнос өкілдерінен барлығы 50 адам қатысты. Сондай-ақ, ақын, филологтардан 7 адам комиссия мүшесі болып, шешім шығарды.

Байқауға қатысушысылар төмендегі тақырыптар бойынша ақын өлеңдерін оқып, өздерінің құжаттарымен бірге Абай Құнанбайұлының шығармашылығынан бір өлең және еркін тақырыпта өлең оқып, бейнероликтерді [jana\\_ru@bk.ru электронды поштасына жолдады](mailto:jana_ru@bk.ru). Қорытындылар бойынша 14 қатысушы жеңімпаз атанды.

**5 іс-шара. Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Туған жердің төсінде» тақырыбында интеллектуалды квест ойынын өткізу.**

2024 жылғы 16 қарашада этнос өкілдері арасында ауызбіршілік пен достық қарым-қатынасты насихаттауға арналған интеллектуалды өңіраралық «Туған жердің төсінде» атты квест ойындарын өтті.

Өңіраралық квест ойындарына Жамбыл, Алматы, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларынан 10 команда қатысты. Әр команда құрамында ережеге сәйкес 5 этнос өкілдері болды.

Квест ойындары «Достық үйі» Қоғамдық келісім мекемесі, Ш.Уалиханов атындағы ғылыми-әмбебап кітапханасы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ғимараттарында өтті.

Әр бекітілген орынға бару үшін түрлі логикалық тапсырмалар мен интеллектуалды сұрақтар қойылды. Әр орында қатысушы командаларды волонтерлер мен қызметкерлер күтіп алып, тимбилдинг ойындарын ойнатып, Қазақ халқының тарихы, Тараз қаласының тарихы, әдебиет, спорт, кино және тағы басқа салаларды қамтыған түрлі форматты тапсырмаларды берді.

Ойын қорытындысы бойынша 3 кезеңнен тұратын квестте

I орын Жамбыл облысынан **«Жастар рухы келешегі»** командасына (500 мың тг), II орын Түркістан облысынан **«Friends House»**, Алматы қаласынан **«ПТК»** командаларына (300 мың тг), III орын Шымкент қаласынан **«МТС» және** Жамбыл облысынан **«Ассамблея жастары»** командаларына (200 мың тг) берілсін.

Ал, интеллектуалды ойынға белсенді қатысып, ерекше көзге түскені үшін **«Ой шебері»** номинациясын Шымкент қаласынан құралған **«Қаһарман»** командасы, **«Көрермен көзайымы»** номинациясын Алматы облысынан **«Болашақ»** командасы, **«Үздік талпыныс»** номинациясын Алматы қаласынан **«ТИПЕП»** командасы, **«Үздік команда»** номинациясын Алматы облысынан **«Бірлік»** командасы ие болып, 100 мың теңгеден ынталандыру сыйақылары берілсін.

**Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 100 % көрсетті.**

**Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында өткізілген іс-шараның 15 фотосы және 1 бейнежазбасы жасалды.**

**2 міндет. Құқықтық сауаттылықты арттыру**

**1 іс-шара. Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» көп функционалды виртуалды картасымен «Абай әлемі» онлайн энциклопедиясымен «Qazaqstan3D» мультимедиялық жобасымен мобильді қосымшалар жобаларын таныстыру.**

2024 жылы 24 сәуірінде Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» көп функционалды виртуалды картасымен «Абай әлемі» онлайн энциклопедиясымен «Qazaqstan3D» мультимедиялық жобасымен мобильді қосымшалар жобаларын таныстыру бойынша Жамбыл обысы, Қордай ауданы, Сортөбе ауылдық округінде іс-шара өтті.

Бұл ретте, Жамбыл обл. әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім басшысы Ш.Бақытбек тақырып жобалардың таныстырылымын өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Сортөбе ауылдық округі бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 62 адамды құрады.**

2024 жылы 10 қыркүйегінде Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» көп функционалды виртуалды картасымен «Абай әлемі» онлайн энциклопедиясымен «Qazaqstan3D» мультимедиялық жобасымен мобильді қосымшалар жобаларын таныстыру бойынша Түркістан обысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округінде іс-шара өтті.

Бұл ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім басшысы Ш.Бақытбек тақырып жобалардың таныстырылымын өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Түркістан облысы, Қарабұлақ ауылдық округі бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 59 адамды құрады.**

2024 жылы 2 қазанда Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» көп функционалды виртуалды картасымен «Абай әлемі» онлайн энциклопедиясымен «Qazaqstan3D» мультимедиялық жобасымен мобильді қосымшалар жобаларын таныстыру бойынша Шымкент қаласы, М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінде іс-шара өтті.

Бұл ретте, Шымкент қаласы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» бөлім басшысы Ш.Бақытбек тақырып жобалардың таныстырылымын өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Шымкент қаласы бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 68 адамды құрады.**

2024 жылы 12 қарашада Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» көп функционалды виртуалды картасымен «Абай әлемі» онлайн энциклопедиясымен «Qazaqstan3D» мультимедиялық жобасымен мобильді қосымшалар жобаларын таныстыру бойынша Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қарасай батыр атындағы орта мектебінде іс-шара өтті.

Бұл ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» оқытушысы Ақболтаева Айнұр Бейсенәліқызы тақырып жобалардың таныстырылымын өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Алматы облысы, Қарасай ауданы бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 50 адамды құрады.**

2024 жылы 20 қарашада Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, «Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» көп функционалды виртуалды картасымен «Абай әлемі» онлайн энциклопедиясымен «Qazaqstan3D» мультимедиялық жобасымен мобильді қосымшалар жобаларын таныстыру бойынша Алматы қаласы, «Принтмедиа» технологиялар колледжінде іс-шара өтті.

Бұл ретте, Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының «Тірдерді оқыту орталығының» оқытушысы Бохшиева Айгүл Жанатбекқызы тақырып жобалардың таныстырылымын өткізді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Алматы қаласы бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 16-40 жас арасында - 50 адамды құрады.**

Барлығы 289 этнос өкілдері қатысты.

Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында өткізілген іс-шараның 25 фотосы және 5 бейнежазбасы жасалды.

**2 іс-шара. Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, қазақ киносы күндерін ұйымдастыру.**

2024 жылы 17 қыркүйегінде Жамбыл облысы, Тараз қаласы, №41 А.Пушкин атындағы көпсалалы гимназияның акт залында «Кино орталығымен бірлесіп» Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, қазақ киносы **«Анаға апарар жол»** филімін көрсетілді.

Бұл ретте, Жамбыл облыстық кино орталығымен бірлесіп «Анаға апарар жол» фильмі көрсетілді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Тараз қаласы, №41 А.Пушкин атындағы көпсалалы гимназия бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 80 адам қатысты.**

2024 жылы 1 қазанда Түркістан облысы, Төле би ауданы, «Тағайна» мектебінің акт залында Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, қазақ киносы «**Жау жүрек мың бала**» филімі көрсетілді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Түркістан облысы, Төле би ауданы, «Тағайна» мектебі бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 34 адам қатысты.**

2024 жылы 3 қазанда Шымкент қаласы, №109 жалпы орта білім беретін мектебінің акт залы Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, қазақ киносы «**Жау жүрек мың бала**» филімі көрсетілді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Шымкент қаласы, №109 жалпы орта білім беретін мектебі бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 38 адам қатысты.**

2024 жылы 13 қарашада Алматы облысы, Қонаев қаласы, орта мектеп гимназиясының акт залы мен 2024 жылы 18 қарашада Талғар ауданы, №17 жалпы білім беретін мектебінің акт залында Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, қазақ киносы «**Жау жүрек мың бала**» филімі көрсетілді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Қонаев қаласы, орта мектеп гимназиясы мен Талғар ауданы, №17 жалпы білім беретін мектебі бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 68 адам қатысты.**

2024 жылы 22 қарашада Алматы қаласы, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының ғимаратында Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде, қазақ киносы «**Мен жастарға сенемін**» филімі көрсетілді.

Өз кезегінде, өткізілген іс-шаралардың қатысушылар көрсеткіші Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры бойынша **өзге ұлт өкілдерінен тұратын 49 адам қатысты. Барлығы 269 адам қатысты.**

**Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында өткізілген іс-шараның 25 фотосы және 6 бейнежазбасы жасалды.**

**3 іс-шара. Жамбыл облысы, Түркістан облысы, Алматы облысы, Шымкент қаласы, Алматы қаласының білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы түсіндірме тренинг жұмыстарын жүргізу**

2024 жылы 16 тамызында Жамбыл облысы, Талас ауданы, «Берікқара» лагерінде білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының бөлім меңгерушісі Назым Қожамарованың түсіндірме тренингі өтті. Семинар тренингке 150 адам қатысты.

2024 жылғы 21 тамызында Алматы қаласының Білім басқармасының Алматы облысы, Қарасай ауданы, Долан ауылы мекен жайында орналасқан, «Өрнек» лагерінде білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы **Меркі ауданы №33 жалпы орта білім беретін мектебінің психологы Омарбекова Аяла Султанбекқызының түсіндірме тренингі өтті. Семинар тренингке 90 адам қатысты.**

2024 жылы 1 қазанда Түркістан облысы, Төле би аудандық лагерінде білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы Қазақ психологтар қауымдастығының Жамбыл облысы бойынша психологы Исакулова Марал Хантөреқызының түсіндірме тренингі өтті. Семинар тренингке 35 адам қатысты.

2024 жылғы 7 қазанда Шымкент қалалық, Ж.Баласағұн атындағы №6 мектептің лагерінде білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы Қазақ психологтар қауымдастығының Жамбыл облысы бойынша психологы Исакулова Марал Хантөреқызының түсіндірме тренингі өтті. Семинар тренингке 110 адам қатысты.

2024 жылы 15 қазанда Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, № Шонжы мектеп лицейінің лагерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы Қазақ психологтар қауымдастығының Жамбыл облысы бойынша психологы Исакулова Марал Хантөреқызының түсіндірме тренингі өтті. Семинар тренингке 65 адам қатысты.

**Білім беру және танымдық бағыттағы лагерьлерінде тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына қарсы семинар-тренингке барлығы 450 этностар қатысты.**

**Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында өткізілген іс-шараның 25 фотосы және 5 бейнежазбасы жасалды.**

**4 іс-шара. Этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстарын жүргізу.**

2024 жылғы 19 наурыз күні Заң ғылымдарының магистрі С.Берікқожамен Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Шайқорық ауылының тұрғындарына Этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған **ақпараттық-түсіндіру** және консультация беру жұмыстары жүргізілді.

2024 жылғы 10 мамыр күні Жамбыл облысы адвокаттар алқысының мүшесі А.Арзымбетованың қатысуымен Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Масанчи ауылдық округі мен Қарасу ауылының тұрғындарына Этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған **ақпараттық-түсіндіру** және консультация беру жұмыстары жүргізілді.

Өз кезегінде, сауалнама негізінде іс-шараның қанағаттану деңгейі 93,4% құрайтындығы белгілі болды.

2024 жылғы 21 тамызында Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі мен Түлкібас ауданы Азатылық ауылында этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «Өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстары туралы Жамбыл облыстық адвокаттар алқасының мүшесі Бекболатов Ардан Тәжібайұлы кеңес берді

2024 жылғы 3 қазанда Шымкент қаласы, «Мирас» университеті этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «Өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстары туралы Заң ғылымдарының магистрі Исламбек Дастан кеңес берді.

2024 жылы 13 қарашада Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш медициналық колледжі мен Ұзынағаш кәсіптік колледжінде этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «Өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстары туралы



Алматы облысы ішкі саясат басқарамасының жастарды тұрақты дамыту және азаматтық бастамаларды қолдау бөлімінің заңгері, Заң ғылымдарының магистрі Ұлан Боранбайұлы кеңес берді.

2024 жылы 11-12 қараша аралығында Алматы қаласы, Алматы технологиялық қаржы және инновациялық-техникалық колледжі мен Алматы технология-экономикалық колледжінде Этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «Өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстары туралы Заң ғылымдарының магистрі Мырзабек Ерасыл Еркінбекұлы кеңес берді.

**Өз кезегінде, кеңес беруге барлығы 600 этнос қатысып, сауалнама негізінде іс-шараның қанағаттану деңгейі 95% құрайтындығы белгілі болды.**

**Өткізілген іс-шараны одан әрі ақпараттандыру мақсатында 10 іс-шараның 50 фотосы мен әлеуметтік желілерге 10 қысқа бейнеролик жарияланды.**

**Сонымен қатар, іс-шара бойынша 5 консультациялар беру журналы және қатысушылардың тарапынан туындаған сұрақтармен аумақтағы мән-жайларды зерделей отырып 1 талдамалық анықтама жасалды.**

**3 міндет. Еңбек нарығындағы кемсітушіліктің алдын алу**

**1 іс-шара. Еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастыру.**

2024 жылғы 14-15 наурыз күндері Жамбыл облысының, Жамбыл ауданы. Полатқосшы ауылдық округі мен Гродиково ауылдық округінде М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті, «Әлеуметтік психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ш. Тұрдалиевамен еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қамту деңгейі 51 адамды құрады.

2024 жылғы 24 сәуірі күні Жамбыл облысының, Қордай ауданы, Бұлар батыр, Ауқатты, Қарасу ауылдық округтерінде М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті, «Әлеуметтік психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ш. Тұрдалиевамен еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қамту деңгейі 90 адамды құрады.

2024 жылғы 19 тамыз күні Түркістан облысы Сайрам ауданында А.Навои мектебі, «Арт бойлерс» ЖШС, «Көрікті Сайрам» ЖШС, «Оқу өндірістік комбинаты» КММ мен «Жастар ресурстық орталығы» ұжымдарында Еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті, «Әлеуметтік психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ш. Тұрдалиевамен еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қамту деңгейі 153 адамды құрады.

2024 жылы 3-8 қазан аралығында Шымкент қаласында «SD Shym» жауапкершілігі шектеулі серкітестігі, Шымкент қаласы, А.Құнанбаев атындағы мектебі, «Жоғары медициналық колледжі» оқытушылары, Қаратау ауданы әкімдігінің аппараты, «Өзбек драма театры» МКҚК ұжымдарында Еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті, «Әлеуметтік психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ш. Тұрдалиева және Қазақ психологтар қауымдастығының психологы Исакулова Марал Хантөреқызының еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қамту деңгейі 190 адамды құрады.

2024 жылы 14-15 қараша аралығында Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, В.Терешкова атындағы орта мектебі, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы округі, М.Горкий атындағы орта мектебі, Еңбекшіқазақ ауданы, Ават ауылдық округі, М.Горкий атындағы орта мектебі, Еңбекшіқазақ ауданы, Аса ауылдық округі, Ораз Жандосов атындағы орта мектебі, Ұйғыр ауданы, Ұйғыр аудандық орталық ауруханасы ұжымдарында Еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша Қазақ психологтар қауымдастығының психологы Рысбекова Меруерт Мұратбайқызының еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қамту деңгейі 171 адамды құрады.

2024 жылы 20-22 қараша аралығында Алматы қаласы Алматы технологиялық қаржы және инновациялық – техникалық колледжі, М.Тынышбаев атындағы АЛТ университеті, Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы технологиялық қаржы және инновациялық – техникалық колледжі ұжымдарында Еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша Тұран университетінің PhD докторанты, «Кайнар» Академиясының «Психология және журналистика» кафедра меңгерушісінің орынбасары, «Жанұя» отбасын қолдау орталығы» қоғамдық қорының психолог-сарапшысы, РБҚ «Қазақ психологиялық қоғамының» халықаралық деңгейдегі тренері, кризистік психолог, полимодальді психотерапевт Турниязова Жанар Куанышевна мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Букешова Салтанат, «Қазақ психологиялық қоғамының» тренері, Каримова Каринаның еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қамту деңгейі 149 адамды құрады.

**5 өңірде өткен 25 тренингтің қамту деңгейі 800 астам адамды құрап, тренинг қатысушыларының қанағаттану деңгейінің көрсеткіші 94 % көрсетті.**

**Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында өткізілген іс-шараның 125 фотосы мен 25 бейнежазбасы жасалды.**

**2 іс-шара. Қазақстан халқының мәдени, әдеби және рухани құндылықтарын және дәстүрлерін сақтау тақырыбында қазақ тілін оқыту бойынша курстар ұйымдастыру.**

2024 жылғы 30 шілде мен 30 тамыз аралығында «Қазақстан халқының мәдени, әдеби және рухани құндылықтарын және дәстүрлерін сақтау тақырыбында» қазақ тілін оқыту 8 сағаттық курстары өтті.

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Абай институты жетекшісі Орманова Айгүл Әділбекқызы мен Тараз қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі пәнінің сарапшы-мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі Молдабек Эльмира Жандарқызы жүргізуде. Курс «Тіл және мәдениет», «Қағам және біз», «Жаһандық азаматтық және мен», «Ұлты басқа болғанмен тілегі бір халықпыз», «Адал ұрпақ-әділетті қоғам», «Ел Конституциясы-... кепілі», «Адами капитал - экономикалық және әлеуметтік дамудың қозғаушы күші», «Тыйым мен табу» атты тақырыптарда 8 сабақ болды.

Курсқа Жамбыл, Алматы, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларынан этнос өкілдері, этномәдени бірлестіктердің мүшелері, «Ассамблея жастары» РҚБ мүшелері, Күрді, Корей, Әзірбайжан, Өзбек т.б қоғамдық бірлестіктерінің жетекшілері және белсенді мүшелері қатысты. Курс аясында қатысушыларға «Қазақ тілі» әмбебап электронды оқулығы берілді.

Өткізілген курс бойынша қамту деңгейі 55 адамды құрай отырып, қатысушылардың қанағаттану деңгейінің көрсеткіші 90,5 % көрсетті.

**3 іс-шара. Қазақстан халқының мәдени, әдеби және рухани құндылықтарын сақтау мақсатында ақпараттық- анықтамалық материалдарды әзірлеу және шығару.**

Қазақстан халқының мәдени, әдеби және рухани құндылықтарын сақтау мақсатында ақпараттық-анықтамалық материалдар 2000 дана әзірлеуіп шығарылды және тартпа материалдары іс-шараларда таратылды.

**4 іс-шара. Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеуді насихаттау мақсатында Қазақстан Республикасының тілдік және этникалық теңдікке байланысты заңдарын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары туралы арнайы роликтер сериясын дайындау, әзірлеу, түсіру және көрсетілімін ұйымдастыру.**

2024 жылғы 25 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: *«Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Біз біртіндеп осыған келе жатырмыз. Бүгін біз өз бетінше қазақ тілін жетік меңгеріп, оны қоғамда кеңінен насихаттап жүрген азаматтарды марапаттаймыз. Бұл өте пайдалы әрі саяси тұрғыдан маңызды жұмыс деп ойлаймын.»* деп атап өткен болатын.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты мақаласында: *«Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты»,* - деді. Осыған орай, видеороликтердің 5 сценарийі жазылды және түсірілімдерге монтаж жасалды.

Сонымен қатар, №2 бейнероликтің сценариіне биыл елімізде орын алған су тасқыны салдарын жоюға көмектескен этномәдени бірлестіктер мен Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің бейнематериалдарын пайдаландылды.

Түрлі этнос өкілдерінің мерекелеріне арналған №3 бейнероликті толықтырылды. Атап айтсақ, оның сценарийіне татар этносының «Сабантуй», славян этностарының «Масленица», кәріс халқының «Сольналь» және «Чхусок», армян этносының «Терендез», ұйғыр этносының «Көк чөшүр байрими», қырғыз халқының «Ақ қалпақ» және т.б. ұлттық мерекелерін қосылды.

Қоғамдық орындарда сауалнама жүргізуге қатысты №4 бейнероликтің сұрақтарын толықтырылып, Мәселен, Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ батырлары туралы сұрақтар қойылды.

Келісіммен 5 видеоролик сценарийі жазылды және келісіммен видеороликтер түсіріліп, «Taraz 24» телеарнасынан көрсетілім ұйымдастырылды.

Бенефициарлардың қанағаттану деңгейіне талдау жасау бойынша «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен этнос өкілдерімен кездесу, пікір алмасу шарасында Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 94,4% көрсетті.

«Қазақ ертегілері апталығы» аясында өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 94,4% көрсетті.

«Туған жердің төсінде» тақырыбында интеллектуалды квест ойыны бойынша Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 100 % көрсетті.

Этностар тығыз қоныстанған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «өшпенділік тілін» профилактикалау мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстарын жүргізу бойынша іс-шараның қанағаттану деңгейі 95% құрады.

Еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу бойынша семинар – тренингтер бойынша қатысушылардың қанағаттану деңгейінің көрсеткіші 94 % көрсетті.

Әр өңірде өткізілген іс-шара бойынша талдау жасалып, талдамалық анықтама ұсынылды.

Қорытынды презентация өткізілген іс-шаралар бойынша жасалып, инстаграм әлеуметтік желісінде есеп берілді, презентация қосымша екі тілде

Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу үшін құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Жарнама, посттар жариялау, мақала, сұхбат, әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер, таратпа материалдар (фейсбук, инстаграмм, ютуб) ватсап және телеграмм әлеуметтік желілерінде ақпарат тарату тіркеледі. Инстаграм әлеуметтік желісіне 100 ден астам посттар шықты, Республикалық және өңірлік БАҚ-та 24 мақала жарыққа шықты, инстаграмжелісінде 10 тікелей эфирлер өтті, таратпа материалдыр 2000 дана шығарылып, өткізілген шараларды таратылды және жобаның дайджесті жасалды.

<b>Жоба мақсаты:</b>		<b>«Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу» жобасы</b>							
<b>Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:</b>		<b>Этностар тығыз шорырланған жерлерде кемсітушіліктің кез келген нысандарына жол бермеу және «ешпенділік тілін» алдын алу мақсатында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға батытталған ақпараттық-түсіндіру және консультация беру жұмыстарын жүргізілді, сонымен қатар басқа да эртурлі форматтағы іс-шараларды ұйымдастырылды.</b>							
Міндеті	Міндет аясындағы шаралар	Өткізу күні	Өткізу орны	Қатысушылар саны	Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға)	Сандық және сапалық көрсеткіште р	Индикаторы		Тиімділік
							жоспар	факт	
Этностар тығыз қоныстанған жерлерде, еңбек ұжымдарында	Жергілікті атқарушы органдар және «Қоғамдық келісім» КММ-мен бірлескен іс-шара жоспарын бекіту	сәуір-қараша	Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалалары	-	2024 жылғы 29 ақпан күні Жамбыл облысы, Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімімен бірлескен іс-шара жоспары бекітілді, 2024 жылғы 19 сәуір күні Жамбыл облысы, Қордай	Бірлескен іс-шара жоспары	5 (бірлескен іс шара жоспары) Алматы обл-5; Жамбыл обл-5; Түркістан обл-5; Алматы қ-5; Шымкент қ-5.	5 (бірлескен іс шара жоспары) Алматы обл-5; Жамбыл обл-5; Түркістан обл-5; Алматы қ-5; Шымкент қ-5.	+

<p>тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында, татулықтан тұрақтылыққа өтудің алғышарттарын қалыптастыру</p>				<p>ауданының ішкі саясат бөлімімен бірлескен іс-шара жоспары бекітілді. 2024 жылы 27 қыркүйекте Шымкент қаласы ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-сі мен іс шаралар жоспары бекітілді. 2024 жылы 11 қыркүйекте Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасымен іс-шаралар жоспары бекітілді, 2024 жылы 9 қазанда Алматы облысының «Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ-сі мен іс-шаралар жоспары бекітілді.</p>				
<p>Этностартығыз қоныстанған жерлерде, еңбек ұжымдарында тілдік және</p>	<p>«Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі салада жетістікке жеткен өзге ұлт өкілдерімен кездесу, пікір</p>	<p>наурыз-қараша</p>	<p>Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларының ауылдары мен аудандары</p>	<p>Тілдік және этникалық белгілері бойынша арнамыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде «Тіл үйренудегі тиімді тәсілдер» тақырыбында қазақ тілін жетіп меңгеріп, әр түрлі</p>	<p>Аумақтық қамту</p>	<p>25 елді-мекен Алматы обл.- 5 елді-мекен; Жамбыл обл. – 5 елді-мекен; Түркістан обл. – 5 елді-мекен; Алматы қ. – 5 елді-мекен;</p>	<p>25 елді-мекен Алматы обл.- 5 елді-мекен; Жамбыл обл. – 5 елді-мекен; Түркістан обл. – 5 елді-мекен; Алматы қ. – 5 елді-мекен;</p>	

<p>этникалы қ кемсітушілік фактілері не жол бермеу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында, татулықта н тұрақтылыққа өтудің алғышарттарын қалыптастыру</p>	<p>алмасу, ұйымдастыру</p>				<p><b>салада жетістікке жеткен өзге ұлт өкілдерімен</b> кездесу өтті. Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларында 25 іс-шара өтті. Қамтыу 775 этнос жоспарланып, 890 этнос қатысты. Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 95,3 % көрсетті. Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында 5 өңірде өткізілген 25 іс-шараның 125 фотосы және 25 бейнежазбасы жасалды.</p>	<p>Спикер және олар туралы ақпарат</p> <p>Бағдарлама</p> <p>Қамту</p> <p>Қанағаттану деңгейі сауалнама негізінде</p> <p>Фото есеп</p> <p>Іс-шараның бейнежазбасы</p> <p>Әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне</p> <p>Республикалық және өңірлік БАҚ-та тарату</p>	<p>Шымкент қ. – 5 елді-мекен.</p> <p>2</p> <p>5 облыс бойынша 25 бағдарлама</p> <p>775 адам: (өзге ұлт өкілдері) 16-25, 26-40 жас.</p> <p>80%</p> <p>5 дана әр өңірден = 25</p> <p>1 әр өңірден = 25</p> <p>1 әр өңірден = 25</p> <p>Республикалық БАҚ-та – 1; Өңірлік БАҚ-та – 1.</p>	<p>Шымкент қ. – 5 елді-мекен.</p> <p>3</p> <p>5 облыс бойынша 25 бағдарлама</p> <p>848 адам: (өзге ұлт өкілдері) 16-25, 26-40 жас.</p> <p>97,05%.</p> <p>5 дана әр өңірден = 25</p> <p>1 әр өңірден = 25</p> <p>1 әр өңірден = 25</p> <p>Республикалық БАҚ-та – 1; Өңірлік БАҚ-та – 1.</p>	
---	----------------------------	--	--	--	--	---	--	--	--

Этностар тығыз қоныстан ған жерлерде, еңбек ұжымдар ында тілдік және этникалы қ кемсітуші лік фактілері не жол бермеу және халықтың құқықтық сауаттыл ығын арттыру мақсатын да, татулықта н тұрақтыл ыққа өтудің алғышарт тарын қалыптаст ыру	«Қазак ертегілері апталығын» өткізу	сәуір- қараш а	Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларыны ң этнос өкілдері оқитын мектептері	53 6 ада м	Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар- намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу негізінде этнос өкілдері оқитын мектеп оқушыларына «Ақ лақ», «Үйшік», «Алматы қаласының алтын алмасы», «Құлыншақ пен бөлтірік» ертегілері қойылды. Апталық аясында 250 этнос өкілдері, 5 іс-шара жоспарланып, 599 этнос өкілі қатысып, 7 іс-шара өтті. Өткізілген іс-шаралар бойынша сауалнама негізінде қанағаттану деңгейі анықталып, көрсеткіш 94,4% көрсетті. Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында 7 қойылымның 48 фотосы және 8 бейнежазбасы жасалды.	Аумақтық қамту  Бағдарлама  Қамту  Қанағаттану деңгейі  Фото есеп  Әлеуметтік желілерде іс- шараның бейне жазбасы (пост)  Республикалы қ және өңірлік БАҚ-та тарату	5 елді-мекен Алматы обл.- 1 елді-мекен; Жамбыл обл. – 1 елді-мекен; Түркістан обл. – 1 елді-мекен; Алматы қ. – 1 елді- мекен; Шымкент қ. – 1 елді-мекен.  5  250 адам  80%  5 – дана әр өңірден (5*5=25)  1 дана - әр өңірден  Республикалық БАҚ-та – 1; Өңірлік БАҚ-та – 1.	5 елді-мекен Алматы обл.- 1 елді-мекен; Жамбыл обл. – 1 елді-мекен; Түркістан обл. – 1 елді-мекен; Алматы қ. – 1 елді-мекен; Шымкент қ. – 1 елді-мекен.  5  536 адам  95,70%  5 – дана әр өңірден (5*5=25)  1 дана - әр өңірден  Республикалық БАҚ-та – 1; Өңірлік БАҚ-та – 1	+
--	--	----------------------	---	---------------------	---	--	---	---	---

<p>Этностар тығыз қоныстанған жерлерде, еңбек ұжымдарында тілдік және этникалық кемсітушілік фактілеріне жол бермеу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында, татулықтан тұрақтылыққа өтудің алғышарттарын қалыптастыру</p>	<p>«Мен жастарға сенемін» тақырыбында ақын өлеңдерін оқудан байқау ұйымдастыру</p>	<p>сәуір-қараша</p>	<p>Жамбыл облысы, Тараз қаласы</p>	<p>Байқауға Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы Шымкент қалаларынан 10 адамнан 16-40 жас аралығындағы этнос өкілдерінен барлығы 50 адам қатысты. Сондай-ақ, ақын, филолгтардан 7 адам комиссия мүшесі болып, шешім шығарды. Байқауға қатысушысылар төмендегі тақырыптар бойынша ақын өлеңдерін оқып, өздерінің құжаттарымен бірге Абай Құнанбайұлының шығармашылығынан бір өлең және еркін тақырыпта өлең оқып қатысты. Іс-шараны растау және ақпараттандыру мақсатында 15 фотосы және 6 бейнежазбасы жасалды</p>	<p>Байқау өткізілетін аумақ Бағдарлама (онлайн) Байқау комиссиясы Байқау ережесі (келісілген) Байқау хаттамасы Жеңіпаз сыйлықтары Қатысушылар тізімі</p>	<p>1 (Жамбыл обл.) 1 7 адам 1 1 9 (сыйлық беру актісі) 1 орын: 500 000 тг. 2 орын (екеу): 300 000 тг. * 2 = 600 000тг. 3 орын (екеу): 200 000 тг. * 2 =400 000 тг. Ынталандыру сыйлықтары: 100 000 тг. * 4 = 400 000 тг. 10 адам</p>	<p>1 (Жамбыл обл.) 1 7 адам 1 1 9 (сыйлық беру актісі) 1 орын: 500 000 тг. 2 орын (екеу): 300 000 тг. * 2 = 600 000тг. 3 орын (екеу): 200 000 тг. * 2 =400 000 тг. Ынталандыру сыйлықтары: 100 000 тг. * 4 = 400 000 тг. 10 адам</p>	<p>+</p>
---	--	---------------------	------------------------------------	--	--	--	--	----------



							(әр өңірден өзге ұлт өкілдерінен) Алматы обл., Жамбыл обл., Түркістан обл., Алматы қ., Шымкент қ..	(әр өңірден өзге ұлт өкілдерінен) Алматы обл., Жамбыл обл., Түркістан обл., Алматы қ., Шымкент қ..	
						Фото есеп	15	15	
						Іс-шараның бейнежазбасы	1	1	
						Әлеуметтік желілерде іс-шараның бейне жазбасы (пост)	1	1	
						Республикалық және өңірлік БАҚ-та тарату	Республикалық БАҚ-та – 1; Өңірлік БАҚ-та – 1.	Республикалық БАҚ-та – 1; Өңірлік БАҚ-та – 1.	
Этностар тығыз қоныстанған жерлерде, еңбек ұжымдарында тілдік және этникалы	«Туған жердің төсінде» тақырыбында интеллектуалды квест ойынын өткізу	сәуір-қараша	Жамбыл облысы Тараз қаласы, локация	4	Этнос өкілдері Қазақстанның тарихын зерттейді, әртүрлі қызықты жұмбақтарды, логикалық есептерді, локацияларды анықтайды және лототапсырмалардың жауаптарын шапшаң шешуге үйрету арқылы	Жоба өткізілетін аумақ Бағдарлама Байқау комиссиясы Байқау ережесі	1 (Жамбыл облысы) 1 7 1	1 (Жамбыл облысы) 1 7 1	

